



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

2023 ж.

**«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Дінтану пәні	01	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мәні мен маңызы. Дін туралы түсінік. Діннің құрылымы мен функциясы. Политеизм мен монотеизм
02	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні	02	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мәні. Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары
03	Діннің бастаулары мен тарихи түрлері	03	Діннің бастаулары мен тарихи түрлері	Діннің мәні, анықтамасы, әлеуметтік маңызы, шығу тегі, жіктелуі мен түрлері. Діннің құрылымы және функциялары. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Дін - рухани мәдениет феномені Көне наным-сенім нысандары және ұлттық діндер. Ежелгі Египеттегі, Грекиядағы, Римдегі діндер. Индуизм. Конфуциандық. Даосизм. Синтоизм. Иудаизм. Тора және Талмуд. Тәңірлік. Ежелгі түркі дүниетанымындағы тәңірліктің орны Әлемдік діндер. Буддизм: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің негізгі тармақтары Христиан діні: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Иисус Христос және Інжіл. Христиан дінінің негізгі бағыттары (православие, католицизм,

				протестантизм). Қазіргі заманғы христиан діні
04	Ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері	04	Ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері	<p>Мұхаммед – пайғамбар. Қасиетті кітап – Құран. Ислам дініндегі бағыттар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы. Матуриди сенімдік мектебінің ерекшеліктері мен тарихи рөлі. Сопылық танымдық мектебі. Ислам, ғылым және мәдениет</p> <p>Қазақстандағы ислам мәдениеті. Қазақстандағы исламдық сәулет өнері. Ислам жазба мәдениетінің ескерткіштері. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Хусамеддин Сығнақидің философиялық-ағартушылық және діни көзқарастары. ХІХ-ХХ ғасырдағы дін ғұламалары. Абай мен Шәкәрімнің діни мұралары</p>
05	Қазақстандағы діндер	05	Қазақстандағы діндер	<p>Қазақстандағы ислам діні. Исламның Қазақстанда таралуы. Қожа Ахмет Йассауидің діни философиясы (хикмет ілімі). Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы. Қазақстандағы ислам дінінің ескерткіштері</p> <p>ХХ ғасырдағы және қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам</p> <p>Қазақстанда христиан дінінің таралуы. Қазақстандағы православие шіркеуі. Қазақстандағы католицизм және протестантизм</p>
06	Жаңа діни қозғалыстар	06	Жаңа діни қозғалыстар	Жаңа діни қозғалыстардың ерекшелігі Жаңа діни қозғалыстар. Жаңа діни қозғалыстар туралы түсінік, сипаты және ерекшеліктері. Жаңа діни қозғалыстар мен дәстүрлі діндер дилеммасы: танымдық, психологиялық және болмыстық қайшылықтар. Теріс пиғылды діни ағымдар, олардың белгілері және зардабы. Тыйым салынған діни ұйымдар. Терроризм - дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері
07	Қазақстан – дінаралық келісім аумағы	07	Қазақстан – дінаралық келісім аумағы	<p>Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы</p> <p>Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры. Діни сенім бостандығы туралы түсінік. Қазіргі Қазақстандағы дінаралық татулық пен келісім тұғырнамасы</p>

				Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасында және әлемдік қауымдастықта дінаралық диалог, бейбітшілік пен келісім орнату саласындағы саясаты
Мәзмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Дінтану пәні. «Дінтану негіздері» курсының мәні. Дін туралы түсінік. Діннің құрылымы мен функциясы. Политеизм мен монотеизм.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мәні. Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары.

Діннің бастаулары мен тарихи түрлері. Алғашқы қауымдық сенімдердің формалары (фетишизм, тотемизм, анимизм, магия, шамандық). Мифтік сананың ерекшеліктері. Көне заманның діни жүйелері. Көне Мысыр діні. Ежелгі Месопатамиядағы діни түсінік. Заратуштра діні. Көне Грекия, Рим діні. Шығыс өркениеттің тарихи діндері. Үндістан, Қытай. Синтоизм. Көне түріктердің Тәңірлік түсінігі. Иудейлік діні.

Ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Хусамеддин Сығнақидің философиялық-ағартушылық және діни көзқарастары. XIX-XX ғасырдағы дін ғұламалары. Абай мен Шәкәрімнің діни мұралары.

Қазақстандағы діндер. Қазақстандағы ислам діні. Исламның Қазақстанда таралуы. Иассауидің діни философиясы. Қазақстандағы ислам дінінің ескерткіштері. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы исламның рөлі. XX ғ. Қазақстандағы ислам. Қазақстандағы христиан діні. Тәуелсіз Қазақстандағы православие шіркеуі. Қазақстандағы католиктік. Қазақстандағы протестанттық. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Хусамеддин Сығнақидің философиялық-ағартушылық және діни көзқарастары. XIX-XX ғасырдағы дін ғұламалары. Абай мен Шәкәрімнің діни мұралары.

Жаңа діни қозғалыстар. Жаңа діни қозғалыстардың ерекшелігі. Теріс пиғылды діни ағымдар, олардың белгілері және зардабы. Тыйым салынған діни ұйымдар. Терроризм - дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері.

Қазақстан – дінаралық келісім аумағы. Жаңа діни қозғалыстардың ерекшелігі. Қазіргі Қазақстандағы конфессионалдық жағдай. Дінаралық диалог. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.


9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Зайырлылық және дінтану негіздері. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Д.Т. Кенжетаев, Ә.Ә. Сайлыбаев, Ө.О. Тұяқбаев. – Астана: «Арман-ПВ», 2016. – 272 бет.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитеті



(қолы) (Т.А.Ә)
« 13 » 02 2023 ж.





